

**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қырғыз Республикасына
2001 жылғы 23-24 шілдедегі ресми сапары барысында қол жеткізілген
уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 қараша N 1427

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қырғыз Республикасына 2001 жылғы 23-24 шілдедегі ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі

- **Ж о с п а р)** **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары мен өзге де

мемлекеттік органдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы жөнінде нақты шаралар қабылдасын және тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне олардың орындалуы жөнінде ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Үкіметін осы қаулының орындалу барысы туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 9 қарашадағы
N 1427 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қырғыз
Республикасына 2001 жылғы 23-24 шілдедегі ресми сапары барысында
қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың
ЖОСПАРЫ

Р/с! Іс-шара ! Орындалу ! Орындалуы үшін
N ! ! мерзімі ! жауаптылар

1 ! 2 ! 3 ! 4

I. Мынадай құжаттардың күшіне енуі
жөніндегі қажетті мемлекет.
ішілік рәсімдерді жүргізу:

- | | | |
|---|---|--|
| 1 | Қазақстан Республикасы мен
Қырғыз Республикасының
арасындағы Экономикалық
ынтымақтастық туралы 2001-
2005 жылдарға арналған шарт | 2002 жылдың Қазақстан Республикасының
II тоқсаны Экономика және сауда
министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Қырғыз Республика.
сының Үкіметі арасындағы Шу
және Талас өзендеріндегі су
шаруашылығы құрылыстарын
мемлекетаралық пайдалану
туралы келісім | 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
IV тоқсаны Табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау
министрлігі |

II. Мынадай құжаттарды қол
қоюға дайындау:

- | | | |
|---|---|--|
| 1 | Қазақстан Республикасы мен
Қырғыз Республикасы
арасындағы Мемлекеттік
шекараны делимитациялау
туралы шарт | 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
IV тоқсаны Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасы мен
Қырғыз Республикасы
арасындағы Шекара ауданындағы
сенім шаралары жөніндегі
келісім | 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
IV тоқсаны Сыртқы істер министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті (келісім бойынша) |
| 3 | Қазақстан Республикасының | 2001 жылдың Қазақстан Республикасының |

- Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Шекаралық өкілдердің қызметі туралы келісім IV тоқсаны Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша)
- 4 Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен Қырғыз Республикасының Қорғаныс министрлігі арасындағы Шекара мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы келісім 2001 жылдың Қазақстан Республикасының IV тоқсаны Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша)
- 5 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Еңбекші мигранттардың еңбек қызметі және оларды әлеуметтік қорғау туралы келісім 2002 жылдың Қазақстан Республикасының II тоқсаны Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
- 6 Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Қырғыз Республикасы азаматтары өзара сапарларының шарттарын тәртіпке келтіру туралы келісім 2001 жылдың Қазақстан Республикасының IV тоқсаны Сыртқы істер министрлігі
- 7 Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Қырғыз Республикасы Қорғаныс министрлігінің арасындағы Әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім 2001 жылдың Қазақстан Республикасының IV тоқсаны Қорғаныс министрлігі

- 8 Су-энергетикалық ресурстарын 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
бірлесіп ұтымды пайдаланудың IV тоқсаны Энергетика және минералдық
ұзақ мерзімді тетігі мен ресурстар министрлігі,
стратегиясының тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасының
Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және
Үкіметі мен Қырғыз Республикасы қоршаған ортаны қорғау
Үкіметінің арасындағы министрлігі
қазақстан-қырғыз екіжақты
су-энергетикалық консорциумын
құру туралы келісім, сондай-ақ
аталған құжаттарды дайындау
жөніндегі тиісті жұмыс тобын
құру
- 9 Қазақстан Республикасының 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Қырғыз Республикасы IV тоқсаны Көлік және коммуникациялар
Үкіметінің арасындағы қазақстан- министрлігі, Қазақстан
қырғыз екіжақты көлік Республикасының Ішкі
консорциумын құру туралы істер министрлігі,
келісім, сондай-ақ тиісті жұмыс Қазақстан Республикасының
комиссиясын құру Мемлекеттік кіріс
министрлігінің Кеден
комитеті,
Қазақстан Республикасының
Табиғи ресурстар және
қоршаған ортаны қорғау
министрлігі, Қазақстан
Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігі,
Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрлігі
- 10 Қазақстан Республикасының 2002 жылдың Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Қырғыз II тоқсаны Экономика және сауда
Республикасы Үкіметінің министрлігі,
арасындағы қазақстан-қырғыз Қазақстан Республикасының
екіжақты азық-түлік Ауыл шаруашылығы

консорциумын құру туралы
келісім, сондай-ақ тиісті
жұмыс комиссиясын құру
(келісім бойынша)

министрлігі, "Қазақстанның
тамақ өнімдерін
өндірушілер одағы"

III. Сауда-экономикалық ынтымақтастық:

- 1 Қолданыстағы мемлекетішілік нормаларға сәйкес Алматы облысындағы Қырғыз Республикасының темекі егуші азаматтарының проблемасын реттеу жөнінде шаралар қабылдау
2001 жылдың Қазақстан Республикасының IV тоқсаны Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі,
Қазақстан Республикасы Алматы облысының әкімі,
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 2 Қазақстан Республикасымен Қырғыз Республикасының аумақтарына үшінші мемлекеттер азаматтарының заңсыз көші-қонын болдырмау жөнінде келісілген шаралар қабылдау
2001 жылдың Қазақстан Республикасының IV тоқсаны Ішкі істер министрлігі,
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі
- 3 Қазақстан Республикасынан Қырғыз Республикасына астық жеткізу мүмкіндігін қарастыру және Қырғызстан Республикасынан Қазақстан Республикасына жүгері мен қант қызылшасын алу қажеттіліктерін анықтау
2001 жылдың Қазақстан Республикасының IV тоқсаны Ауыл шаруашылығы министрлігі, "Азық-түлік корпорациясы" ЖАҚ (келісім бойынша), "Қазақстанның тамақ өнімдерін тұтынушылар одағы"
(келісім бойынша)
- 4 Қазақстан Республикасының энергетикалық мекемелерінің 17,8 млн. АҚШ доллары
2002 жылдың "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ" РМК II тоқсаны (келісім бойынша),
Қазақстан Республикасының

сомасындағы 1995-1997 жылдары
алынған электр энергиясы үшін
"Қырғызэнерго" АҚ алдындағы
қарыздардың өтелуін қамтамасыз
ету

Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі

- 5 Орталық Азия Ынтымақтастық 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
және даму банкінің Бішкек IV тоқсаны Ұлттық Банкі (келісім
бөлімшесін Еншілес банк етіп бойынша), Қазақстан
қайта құру процесін жеделдету Республикасының Қаржы
министрлігі

IV. Мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық:

- 1 Қырғызстанда Қазақстанның 2002 жылдың Қазақстан Республикасының
мәдениет күндерін өткізу I тоқсаны Мәдениет, ақпарат және
мүмкіндігін қарастыру қоғамдық келісім
министрлігі
- 2 Бішкек қаласында қазақ 2001 жылдың Қазақстан Республикасының
мектебінің ашылуына IV тоқсаны- Білім және ғылым
жәрдемдесу және оны 2002 жылдың министрлігі
оқулық-әдістемелік I тоқсаны
құралдармен қамтамасыз ету

- V. Астана қаласында Қазақстан- 2001 жылғы Қазақстан Республикасының
қырғыз сауда-экономикалық, қараша- Сыртқы істер министрлігі
ғылыми-техникалық және мәдени желтоқсан
ынтымақтастық жөніндегі
бірлескен үкіметаралық
комиссиясының үшінші мәжілісін
өткізу

- VI. Қырғыз тарабымен Қырғыз 2001 жылғы Қазақстан Республикасының
Республикасының Президенті IV тоқсаны Сыртқы істер министрлігі
А. Ақаевтың Қазақстан
Республикасына ресми сапарының
мерзімін келісу (шамамен

2001 жылғы қараша)

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК